

Q00056 11.12.2020

Балабақшадағы балаларды музыкаға баулу

ШУКЕБАЕВА АҚМАРАЛ КЫДЫРЖАКЫПОВНА

*ШҚО Үржар ауданы, Келдімұрат ауылы
«Балдырған» балабақшасы КМҚК Музыка жетекшісі*

*Музыка-жүрек тілі, ол-сезімдер мен көңіл-күй әлемі.
Ол дыбыстар арқылы бейнеленген жан сарайы. А.Н.Серов*

«Музыка ұлтқа бөлінбейді» дейміз. Иә, біз кез- келген елдің музыкасына құдды бір ана тілімізде тыңдап отырғандай құмарта құлақ тосамыз. Ондағы тылсам күш жүрек түкпіріне терең бойлап, саз сиқырына қалай арбалып қалғаныңды сезбей қаласың. Музыка жан-дүниемізді өзге бір әлемге жетелеп, сезім пернелерін дәл басады. Әсем әуен қиялымызға қанат бітіріп, көңіл сарайына нұрын төгеді.

«Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі» Ахмет Жұбанов Музыкалық іс-әрекет-баланың музыкалық тәрбиесінің ең негізгі кезеңі болып табылады. Балалардың музыкалық қабілетін дамытуды неғұрлым ерте бастаса, оның қорытындысы жемісті болады. Бала өмірінің алғашқы жылдары-оның болашағының негізі. Сондықтан, бала өмірінің алғашқы жылдарын көбірек пайдалану қажет. Ерте балалық шақ-бұл уақытты ойынмен бос өткізетін шақ емес. Бұл шақта бала үйренген, түйгенін болашақта, ер жеткен соң пайдалана алады. Ерте жастағы бала әуенді, ырғақты, әуенге сай қозғалуды өзіне тән ерекшелікпен қабылдайды. Баланы бейне бір құтыға су құйып, толтырып қойғандай қылып қою мақсат емес, керісінше, 2 жастан бастап 3 жасқа дейінгі кезеңде бала өзін тұлға ретінде сезіне бастаса, оған сол тұлға ретінде қарым-қатынас жасау ләзім. Бұл жаста бала музыканы тек меңгеріп қана қоймай, оған деген ерекше сезімталдық танытады. Егер баланың естіп көруіне, сезінуіне, байқап көруі мен емін-еркін қозғалуына барлық жағдайлар жасалса, олар барлығын түгел дерлік меңгере алады. Үлкендердің ырғақты қимылдарын есте сақтап қайталайды. Музыка тыңдау, мұғалімнің көрсеткенін қайталау мен түрлі ойыншықтарды қарастыруда қызығушылығын білдіреді.

Музыкалық тәрбие беру дегеніміз-баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын көркем дүниелер арқылы түйсіндіру. Мектепке дейінгі жастағы балаларға музыкалық білім берудің әрбір топқа арналған мақсаты көрсетіледі. Музыкалық – шығармашылық іс-әрекеттің

қарапайым іскерліктері мен дағдылары көрсетілген. Ән мен музыкалық әуенді тыңдау, оларды түсіну мектеп жасына дейінгі балалардың кіші топтарында қалыптасып, кейінгі ортаңғы ересектер тобында бұл іс-әрекеттер музыканың жанрларын білумен жалғасады және музыка аспаптарымен, атақты композиторлармен танысады. Жалпы алғанда, музыка өнеріндегі шығармашылық шабытпен, айналадағы сұлулықпен, әсемдікті сезінумен, танумен, ұлттық және түрлі халықтардың мәдениетімен танысады, сезімді эмоционалды орта мен әсемдік талғамның бастапқы шарттары қалыптасады, қазақ халқының музыкалық өнерінің құндылықтарын бағалайды. Ерте жастағы мектепке дейінгі балалардың музыкалық білім іс-шараларының мақсаты:

Музыка өнерінде дыбыс әлемі қандай әсем, қызық, көп дүниені білуге итермелейді. Балақай, біз түрлі дыбыстар ортасында өмір сүреміз.

Ой-толғаныс:


Егер бір күні ешқандай дыбыс болмай қалса не болар еді?

Табиғатта кездесетін қандай дыбыстар бар?

Дыбыс дегеніміз не?

Табиғатта кездесетін түрлі дыбыстарды атап шығып, олардың қандай кездерде болатынын сұраймыз. Мысалы, таудан сылдырлатып аққан бұлақтың немесе қатты соққан желдің дыбыстары. Табиғаттағы кездесетін дыбыстарды неғұрлым көп орындай алулары балаларды жан-жақты дамытып, олардың зейінділігін кеңейтеді. Сондықтан неғұрлым көп мысал келтіруге тырысу керек. Әрбір дыбысты көз алдарына елестете отырып, оны әсерлеп айтуын, дыбысталуын қадағалаймыз. Тыныс алуына, дыбысты дұрыс орындауына және мәнерлілігіне мән береміз.

«Дыбыстар елінде»



- Сурет пен дыбыс – түрлі көріністерді бейнелеу
- Бояу мен дыбыс- түрлі-түсті бояулар

- Сөз бен дыбыс- әндердің мәтіні, сөзі
- Биік-төмен дыбыстар- биік, төмен ноталар
- Қатты-ақырын дыбыстар-динамикалық белгілер
- Көңілді мұңды дыбыстар- көңілді, мұңды әуен және музыкалар.
- Дыбыстар достығы- музыка әлеміндегі ноталар достығы
- Музыкалық дыбыстар бүкіл әсемдік әлемін суреттеп, сұлулықты паш етеді.



Бірде былдыр-былдыр,
Сәбилердің тіліндей,
Бірде сыңғыр-сыңғыр,
Қоңыраудың үніндей,
Ән сап жатқан ерінбей. (Бұлақ)

Қанаты жоқ-ұшады, Аяғы жоқ қашады. (Жел)



Қия шыңнан құлайды, тасты бұзып арыны. Ақ жалданып тулайды, Құлақ жарар сарыны
(Сарқырама)




Теңіздің шұлы дыбысы



Мектепке дейінгі балалардың есту қабілеттерін дамытуға мен мынадай жұмыстарды ұсынып отырмын.

Заттардан (түрлі-түсті бояулар, пластик бөтелкелер, труба, қақпақтар, т.б) пайдалана отырып суда неше түрлі дыбыстарды шығарса болады екен.

Ал енді, ғажайып дыбыстар әлеміне саяхат жасаймыз.



Жеті шыны бөтелкеге су құйып оған бояулар қосамыз. Су міндетті түрде тепкішек сияқты болу керек. Неге десеңіз музыкадағы жеті нотаның құрылымын көрсетеміз. Ал енді бояулардың түсіне қарай көңіл-күйді ажыратамыз, қатты-ақырын дыбыстарды анықтаймыз, тақшалардан пайдаланып шыны бөтелкеден дыбыстар шығарамыз, тыңдаймыз. Тағы да

пластик бөтелкенің ішіне су құйып одан шығатын дыбысты естіртемін. Сондай-ақ үлкен шараның ішіндегі суда тұрмыстық заттардан пайдалана отырып ғажайып дыбыстар шығаруға болатынын көрсетемін. Сонымен балалардың музыкаға болған қызығушылығын артады, біздің айналамызды қоршап тұрған орта, табиғаттың өзі ғажайып дыбыстардан тұратынын сезінеді, баланың ой қиялы шыңдалады, логикалық ойлау жүйесі дамыды, әсемдікті сезуге, сұлулықты түсінеді.

R00059 12.12.2020

**Мектепке дейінгі тәрбиелеудегі жаңартылған
бағдарламаны жүзеге асырудағы инновациялық әдістер.**

АЛДАМЖАРОВА ЛАЗАТ ТОГИСОВНА
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті,
№22 «Гаухартас» бөбекжай-бақша тәрбиешісі

*«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»
(Н. Ә. Назарбаев)*

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс - тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан - жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс - әрекеттерін бастар

алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды оқу процесі мен тәрбие аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс - әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан - жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Оқу іс - әрекеті барысында ертегі кейіпкерлерінің жан - жақты мінез - құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді.

Барлық оқу іс - әрекетінде ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс - әрекет өткір сықақ - мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып жақсылыққа құмартады. Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты. Бақшада ертегі оқу, сабақта және сабақтан тыс уақыттарда өтіледі. Оқу жұмысы баланың жас ерекшелігіне орай жоспарланады. Сәбилер тобында ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады.

Сәбилер тобында оқығанды тыңдату және әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндай мақсат – ертегіні ауызекі әңгімелеуге төселдіре отырып оқылғанды шыдамдылықпен тыңдай білуге үйретеді.

Ассоциация әдісі – сол тыңдаған ертегі жайлы мәлімет

Мысалы: Суретте «Бауырсақ» ертегісіндегі бауырсақ ортасында тармақтарына кемпір, шал, қоян, үй, қасқыр, аю, түлкіні балалар жапсырады көп қиынды суреттердің ішінен.

Ой қозғау әдісі: Балаларға ертегілерге берілген жұмбақтарды жасыру;

Жалпақ тұмсық көріп пе ең,

Жер қазатын тінткілеп.

Ілмек дерсің құйрығын,

Кебіс дерсің тұяғын,

Білсең енді таба ғой,

Қай кейіпкер екенін? (Үш торай)

Әжей жақсы көретін осы қызға,

Телпек тарту етіпті қызыл түсті.

Ұнатқаны соншама бұл сыйлықты,

Немересі есімін ұмытыпты,

Ал, айтшы сен, бұл есімді? (Қызыл телпек)

Сұрақтар арқылы ой салу:

Сен бұларды неліктен ертегілер деп ойлайсың?

Халық ертегілері мен авторлық ертегілерді ата, олардың айырмашылығы неде?
«Қызыл телпек» ертегісінің авторы кім?

Сен Қызыл телпектің орнында болсаң не істер едің?

СТО - ның элементтерінің бірі – Венн диаграмманы пайдалану (екі ертегіні салыстыру, ортақ белгісін табу, қорытындылау, нақтылау).

Интерактивті тақтаны қолдану:

- Флипчартта «инструменты» батырмасының көмегімен сызғышпен әр түрлі бағытта «Бауырсақ» тың жолын салу, презентацияда жүктелген суреттерді орналастырып, актив қаламның көмегімен бауырсақты жүргізу, балалар бағытты дауыстап айтады; (графикалық диктант түрінде қолданса болады)
Мысалы: Жата - жата жалыққан бауырсақ терезеден секіріп түсіп домалай жөнеледі.

- Бағыты: төмен, оңға, төмен, қоянға жолығады

Ассоциация әдісі: қоян - қорқақ, ұзын құлақ, ерні жырық, артқы аяғы жақсы дамыған, көзі қызыл, қыста тонын ауыстырады, құйрығы кішкентай, секіреді (Балалар орындарынан тұрып секіреді)

- Бағыты: солға, төмен, оңға, жоғары қасқырға жолықты

Ассоциация әдісі: қасқыр - жабайы жануар, сұр, жағымсыз кейіпкер, жыртқыш, итке ұқсайды, ұлиды (Түймені басып қасқырдың дыбысын естірту)

- Бағыты: оңға, жоғары, оңға, төмен аюға кездесті

Ассоциация: аю - жабайы жануар, бал жейді, жидек жейді, қорбаңдап жүреді, аяғы талтақ, аю ақырады (Дыбысын естірту)

- Бағыты: оңға, төмен түсіп түлкіге кездесті

Ассоциация: түлкі - қу, айлакер, құйрығы ұзын, сылаңдап жүреді

Бауырсақ, түлкіге жем болғысы келмей, үйіне қайтқысы келіп тұр көмектесейік (бір бала активті қаламды алып бауырсақты келген жолымен қайта домалатады, балалар бағытын айтып отырады)

Ертегідегі мінез - құлқы қарама - қарсы кейіпкерлерді ата; (кіші топтың балаларына жағымды кейіпкерді тәрбиеші атайды, бала жалғастырады)

Мысалы: Қызыл телпек – Қасқыр, Күлше қыз - өгей шешесі, Қарлығаш - жылан, Ит – мысық, Қасқыр – түлкі т. с. с.

T00054

15.12.2020

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

ТӨКЕШ ЕРКЕБАЙ КҮМІСБАЙҰЛЫ

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Бершүгір ЖОББМ КММ

Дене шынықтыру пәні мұғалімі

*Біздің бақытымыздың оннан тоғызы
денсаулыққа байланысты.*

А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр—ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады. Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

1. Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін

- қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.
2. Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
 3. Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
 4. Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
 5. Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
 6. Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
 7. Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
 8. Жалпы мектепішілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепішілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт»деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік

міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деген болатын. Елбасымыздың осы тұжырымы арқылы, мұғалімдер ұжымы өз алдымыздағы қоғамдық міндеттің жауаптылығын сезінуіміз қажет.

T00055

15.12.2020

Балабақша мен отбасының бала тәрбиелеудегі қарым-қатынасы

ҚАЛДЫБАЕВА РАУШАН МАЖЕНҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы

КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі

Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ , яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды , назар салатын басты мәселенің бірі.

Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет .

Мемлекетіміз келешекте жас ұрпақтың еліміздің азаматы болуы үшін денсаулығына, отбасына, ойынға, білімге деген құқықтарын толығымен қуаттап, қабілеттерін барынша жүзеге асыру және үлкен жетістіктерге жетуде табанды болуын қалайды.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі-дүниеге ұрпақ әкелу, екіншісі-дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамытуды қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастыру.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке –бірлікті , түсінікті сақтауы, сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс.

Тек осындай ізгілікті мұраттар отбасында орын алғанда ғана, Отанын, елін-жерін сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей бала тәрбиесі оның дүниеге келгенінің алғашқы күнінен басталады. Адамзат ұрпағына отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата-ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе толтыра алмайды. Яғни, елдің ер-азамат тәрбиелеу, ең алдымен, отбасына жүктеліп отыр.

Отбасы –адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Ол бала үшін бір үлкен әлем, осы әлемде бала алғаш өмірмен қарым – қатынас жасап, өмірді сүюді, қиындыққа көнуді, қуануды, қайғыға ортақ болу керек екенін ұғынып өседі. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі –отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттілігін түсінетін болады. Отбасы тәрбиесі кешнеді педагогикалық мақсаттылық арқылы іске асады. Сондықтан кез келген педагогикалық тәрбие отбасымен қарым-қатынас жасамай іске аспайды.

Сондықтан балабақшадағы оқу-тәрбие ісінде басты мақсаты ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу болып саналады. Бұл барлық педагогтерге түсінікті жайт, дегенмен әлі күнге дейін балабақша мен ата-аналармен жұмыс жүргізу кәзіргі күннің өзекті мәселерінің бірі болып тұр деп ойлаймын. Сол себептен балабақша ұжымы, тәжірибелі педагогтердің жұмысының арқасында бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып тәрбие ісіне араласуына ат салысып жұмыс жүргізуіміз керек. Біз бірге болуымыз керек екенін ұғындыру біздің басты міндеттеріміздің бірі екенін естен шығармауымыз керек.

Отбасындағы тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің орнығуына байланысты. Отбасында түрлі қарым-қатынастар орын алады:

- 1) ынтымақтастық қарым-қатынас, яғни отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы түсініктік пен көмекке бағытталады.
- 2) ортақ мүддеге негізделген бірыңғай қарым –қатынас
- 3) жақсы қарым-қатынасты сақтай отырып, өзара жетістікке жетуді көздеген қарым-қатынас
- 4) бәсекелестік, барлық жағдайда өзінің бәсекеде ұтуын көздеген қарым-қатынас;

5) түрлі себептермен туындаған отбасындағы қайшылықты қарым-қатынас;

Демек, әр отбасында түрлі қарым-қатынастың орнығуынан баланың жеке тұлғалық қасиеті қалыптасады. Отбасында түрлі қарым-қатынас қалыптары көрініс береді. Кейбір отбасында отбасы мүшелерін бетімен жәбереді, мұндай жағдайда ешқандай қарым –қатынас болмайды. Ал ,кейбір отбасында бедел орын алған қарым-қатынас орнайды. Оның да өзіндік ерекшеліктері бар, онда біреудің басқаларға басымдылық танытуы, бұйыруы баланың тұлғалық қасиетінің дамуына жағымсыз ықпал етеді. Қазіргі кезде заман ағымына қарай, отбасында демократиялық қарым-қатынасқа ұмтылушылық бар, яғни әр отбасы мүшесі тең құқықты қарым-қатынасты орнатуды көздейді.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын , мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Қазіргі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімдікке ұмтылу , ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру болып табылады. Осыған орай, отбасында еңбексүйгіштікке , баланың жасына сай еңбек түрлеріне және қоғамдық –пайдалы еңбекке баулудыіске асыру қажет. Ата-ана және әлеуметтік орта, яғни балабақша болашақ азаматтың денсаулығын жастайынан сақтау үшін , оның тәнінің дұрыс түзеліп қалыптасуына , салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән бергені бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі болып саналады.

Әр отбасы ата тегінен келе жатқан кәсібін, өнерін, таңдаған еңбегін құрметтеп, оны кейінгі ұрпаққа үлгі –өнеге еткен, бірлесіп атқарған пайдалы-қоғамдық еңбек барысында адамгершілік қағидаларды қатаң сақтап, дамытып отырған, ұрпағына ақыл –кеңес беріп, ата-кәсібін құрметтеп, қалыптасқан дәстүрді жетілдірген.

Бүгінгі күн заман талабына сай оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастыруда әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, тәрбие ісіне ата-ананы тікелей қатыстырудың оң нәтиже беретінін өмір мен тәжірибе дәлелдеп отыр. Сондықтан көптеген жылдар бойы осы бағытта қажырлы еңбектер жүргізіліп келеді. Біздің балабақшада осы бағытта ата-аналармен талмай еңбек етіп өз алдына мынадай мақсат міндеттерді қойып отыр. «Үздіксіз білім беру мен сауықтандыру, тәрбиелеу жұмысында кеңістік құру сабақтастығын жүзеге асыру» яғни, ата-ана бала тәрбиелеу ісіне белсене ат салысу үшін белгілі бір жүйе құра отырып жұмыс жүргізу. Осы міндеттерді іске асыру барысында «Тәрбиеші-ата-ана» мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отырады. Балабақша ұжымы осы мәселерді талдап, талқылай отырып ата-аналармен жұмыс жүргізуді мынадай бөлімдерге бөліп қарадық. «Оқи отырып, тоқи отырайық» «Өз ойыңды басқамен бөліс» , «Біз біргеміз» .

«Оқи отырып, тоқи отырайық» бөлімінде балабақша педагогтары ата-аналармен бірлесе отырып оқу-тәрбие процесінде жұмыс атқарады. Бұл бөлімде ата-аналарға түрлі жарыстар жарнама жасау, семинар кеңестер беру арқылы жұмыс іске асырылады. Сонымен бірге, педагог-тәрбиешілер де тек балалармен, ата-аналармен жұмыс жүргізіп қоймай өз білімдерін жаңаша толықтыруға талпынады. Әр педагог –тәрбиеші жұмыс бағытын іздей отырып жаңа үрдістегі тәрбиеге тап болары сөзсіз деп ойлаймын.

T00056 15.12.2020

**Мектеп жасына дейінгі балалардың
шығармашылық құзіреттілігін дамыту**

ЖУСИПНАЗАРОВА АЙНУР ТУНГЫШОВНА

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі*

Еліміздің білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру -қазіргі кезеңдегі педагогикалық теория мен тәжірибенің маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді.

В.А. Сухомлинский айтқандай: «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Педагогтардың пайымдауы бойынша-барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу қажет. Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (сурет, жапсыру, мүсіндеу). Қайталанбайтын туындыларды ойластыру барысында ол әрқашан заттың жасалу тәсілдерімен тәжірибе жасайды. Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің эстетикалық дамуында қарапайым көрнекі-сезімдік әсерінен түпнұсқалық кейіптің жасалуына бейнелеу-мәнерлеу әдістері арқылы өтеді. Сондықтан оның шығармашылығының негізін қалау керек. Неғұрлым бала жақсы көрсе, естісе, күйінсе, соғұрлым қиялдау әрекеттері маңызды және нәтижелі болады. Балалар ерте жастан бастап

өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін бейнелеп көрсетуге тырысады. Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу – қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады.

Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Мектепте жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі балаларға эстетикалық тәрбиені жапсыру, мүсіндеу оқу іс-әрекеттерінде дамытамыз. Эстетикалық тәрбие дегеніміз-баланың ақыл-ойы мен сезімін, ұшқыр қиялы мен ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру үшін балалардың әсемдік сезімі мен ұғымын, көркемдік, шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастыруға дағдыландыру қажет.

Балалар өмір құбылыстарын сурет салу, сазбалшықтан немесе ермексаздан мүсіндеу, қиып жапсыру, табиғи материалдармен көркем өңдеу жұмыстары кезінде тереңірек танып білуге мүмкіндік алады.

Түрлі материалдардан (қағаз, картон, мата, ермексаз, саз, қамыр, табиғи материалдар) әшекейлеудің тәсілдеріне машықтанады, бұйымдар үлгісін жасаудың жолдары мен оларды сәндеп әшекейлеудің амалын үйренеді.

Жапсыру оқу іс-әрекетінде:

Сәндік жапсыру, сюжетті жапсыру, заттық жапсыру және табиғи материалдармен жұмыс.

Ал, мүсіндеу арқылы заттардың, адамдардың, құстардың, хайуанаттардың пішінін бейнелеу тәсіліне машықтанады. Қолданылатын ермексаз немесе сазбалшық арқылы сомдайтын бейненің сыртқы кескінін, олардың қимыл-қозғалыс пластикасының ерекшеліктерін, күнделікті көргендерін еске түсіре отырып мүсіндей білуге, мүсіндеу барысында тұлғалардың дене құрылысы, бөлшектердің өзара жарасымды байланысы туралы алғашқы түсініктерді игеруге мүмкіндік алады.

Мүсіндеу оқу іс-әрекетінде:

- ☞ Заттық мүсіндеу,
- ☞ сәндік мүсіндеу,
- ☞ сюжетті мүсіндеу,
- ☞ табиғи материалдармен мүсіндеу.

Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жай ұмтыла қана қоймай, сұлулықты жан дүниесімен қабылдайтын болады.

Мектепке дейінгі баланың тілін дамыту әрқашанда өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі таңда баланың тілін дамыту процесін түзетудің көптеген

әдістері бар. Баланың тілін дамыту барысында жағымды эмоцияналды қалпын ұйымдастырып, өзінің тілін белсенді дамытуға деген қызығушылығын тудыру керек. Ең тиімді және қызықты да, қолжетімді баланың іс - әрекеті бұл – ойын

Мен өз тәжірибемде мүсіндеудің, жапсырудың, сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолданамын. Шығармашылық саласында дәстүрден тыс әдістер балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс- әрекет. Қоршаған орта бала өмірінде ең маңызды орын алады. Сондықтан заттық – дамытушы ортаны ұйымдастырған кезде мазмұнының дамытушылық жағын және әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталғанына басты назар аударамын. Үйде қаншама қажетсіз нәрселер бар: тіс щеткалары, поролон тарақтар, қақпақтар, пенопласт, жіптер, майшамдар т.б. Ал серуенге шыққан кезде айналада қаншама қызықты нәрселер бар: таяқшалар, жаңғақтар, жапырақтар, тастар, тұқым, баққабақ гүлінің мамығы т.б. Осының бәрінен іс- әрекетке қажетті өнімді бұрыш жасақтап алдық. Ерекше материалдар балаларды өзінің ерекшелігімен қызықтырады, «Жоқ» деген сөзді айтқызбай- ақ, не қаласа соны жасауларына және өздерінің жаңа шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Балалар ұмытылмас әсер алады, жағымды көңіл күйде болады, ал олардың көңіл- күйлеріне қарай отырып не нәрсеге қуанатынын, не нәрсеге көңілі толмайтынын аңғаруға болады. Ұйымдастырылған оқу қызметінде бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану:

Балалардың қорқынышын сейілтуге мүмкіндік туғызады;

- Өзіне деген сенімін арттырады;
- Ойлау кеңістігін дамытады;
- Өз ойын еркін білдіруге үйретеді;
- Шығармашылық ізденіске түрткі болады;
- Әр түрлі материалдармен жұмыс жасауға үйретеді;
- Композициялық сезімін, ырғақты, түс, түстерді қабылдауын дамытады;
- Саусақтың ұсақ моторикасын дамытады;
- Жұмыс барысында эстетикалық сезім алады.

Дәстүрден тыс әдістер арқылы сурет салу дағдыларын жеңілдетуді жөн санадым.

Психолог айтуынша «Сурет бала үшін өнер емес, ол тіл. Сөзбен айтып жеткізе алмағанын, сурет арқылы жеткізуге мүмкіндігі бар. Бейнелеу барысында оңтайлының бәрі екінші орынға кетеді, тыйым мен шектеулер болмайды. Бұл уақытта бала мүлдем еркін.»

Сурет салуда дәстүрден тыс әдістер балалар үшін қызықты, өйткені өзінің қиялын, ықыласын, ойын толық білдіруге үлкен мүмкіндіктер береді.

Алға қойған мақсатыма жету үшін келесі тапсырмаларды орындауды анықтадым:

1.Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету;

2.Мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын және қолдың білезік буынының икемділігін арттыру;

3.Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез-келген сурет салуда өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге үйрету.

Өзімнің ұйымдастырған оқу қызметімде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерінің топтамасын, балалардың саусақтарына толықтай демалыс болатын, қимыл қозғалысын арттыратын, жазу дағдыларын қалыптастыратын элементарлық саусақ ойындарын, гимнастика, жаттығуларды пайдаланамын. Бірнеше жылдан бері мектепке дейінгі балалармен жұмыс барысында мен бейнелеу әрекеттерінің нәтижелеріне назар аудардым. Балалар келесі белгілер бойынша жақсы нәтижелер көрсетті:

- Штрихтау икемділігі, түрлі түсті қарындаштармен әр түрлі сызықтарды тартуы;
- Жіңішке және жуан қылқаламмен бояуды жаға білуі;
- Негізгі түстердің, бояудың реңктерін танып, оларды араластыра білуі;
- Үлгі мен дақты жұмыста қолдана білуі;
- Өз жұмыс орнын жинай білуі;
- Сонымен қатар балалардың төмен қабілеттері де байқалды:
- Сабақ барысында, жауап айтқан кезде өзіне деген сенімсіздік пен бөгеліп қалушылық;
- Өздігінен бейнелеу құралдарын таңдауда, суретті параққа орналастыруда әрекетсіздік;
- Дәстүрлі емес бояу әрекеттерін қолдану кезіндегі жаңғалақтық;
- Бейнелеу құралдарымен тәжірибе жасау;
- Танымал сурет салу әдісінде педагогтың анық түсіндіруін күту;
- Қиялын, көркем шығармашылығын байқату;
- Суретке жеке көзқарасын жеткізу;

«Бастыру әдісі» әр түрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балаларда жағымды эмоция, қызығушылық тудырады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: Жапырақ, алақан, поролон, өсімдіктер.

«Құммен сурет салу әдісі». Балаларға құммен сурет салу өте қызықты, қатты ұнады, ол көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Оны төмендегідей жүргізеді:

- Ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылады;
- Желім сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағылады;
- Жағылған желімнің үстіне ыдыстардағы құм себіледі.

Балалармен жұмыс барысында олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, алынған нәтижеге талдау жасадым, жеке жұмысты жоспарладым.

Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытып қана қоймай, дәстүрден тыс

әдістермен жұмыс жасауды жетілдіріп, ерекше бейнелері арқылы өзінің «Менің» көрсету.

Қорыта келе мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқып үйретудің сан алуан әдістері және ең алдымен балалар дербестігін, белсенділігін, өмір құбылысын көркемдік тұрғысынан қабылдау әрқашанда дара, әрі таңдамалы. Нәтижесінде балада көркем өнер туралы білімі қалыптасады, шығармашылық қабілеттері дамиды, авторлық бағытта бейнелей біледі, отбасы және мектеп ынтымақтастығы орнайды.

T00062 15.12.2020

«Сәбиді балабақшаға дайындау»

ӘДІЛОВА ЛӘЗЗАТ МЫРЗАБАЙҚЫЗЫ

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Баласа» бөбекжай-бақша тәрбиешісі*

Ата-ана баласын балабақшаға бермес бұрын біраз ойланады. Егер үйде сәбиге қарайтындай мүмкіндік болса, бермей-ақ қоямын ба деп те ойлайды. Дегенмен балабақшадағы тәрбиенің рөлі басқадай боларын да түсінеді. Олар сәбилерін арнаулы педагогикалық білімі бар мамандар тәрбиелейтінін бір ойласа, бірде «балабақшада бала көп жылайды, жиі ауырады» деген сөздер көңілін алаңдатады. Сондықтан осы мәселе төңірегінде де ойланып қойғанымыз жөн.

Расында балабақшаға апарған алғашқы күндерде-ақ бала жылайды, өйткені өзіне жақын адамдардың жанында болмауы жанына батып, 2-3 күн өткен соң ауырып қалу жағдайлары кездеседі. Бұл жерде тәрбиешілердің кіналау дұрыс емес. Ғылыми зерттеулердің нәтижесіне сенсек, ғалымдар сәбидің ажаң орынға үйренуі үйелмендегі ата-ананың баласын жаңа жағдайға қалай дайындауына байланысты екенін айтуда. Мәселен, бағбан ағаш егерден бұрын, бұған орын дайындайды, содан соң барып отырғызып, отырғызған кезде тамырына зиян келмеуіне көңіл бөліп, топырақпен түбін тиянақтап көмеді. Сонда да жаңа отырғызған жеріне үйренгенше ағаш «ауырады». Сол сияқты сәбидің басқа ортаға үйрену кезеңі – оның өмірінде кездесетін алғашқы күрделі кезеңнің бірі. Таныс емес адамдардың ортасында қалу өте ауыр болуы себепті, бала жылап, мазасызданып, тіпті қашып кеткісі келеді. Немесе жанында күнде шешесі қалуын қалап, тәрбиешілердің көмегіне қарсылық білдіреді. Кейбір ата-ана баланы бұл қылығына таң қалып, сүйкімді жуас баламыз неліктен өзгереді деп

ойлайды.

Бұл кезде сәбидің ұйқысы бұзылып, тамаққа тәбеті болмайды. Үйге қайтқан соң да шешесінен айырылмай ұйықтап жатқанда жиі-жиі оянып тынышсызданады. Алғашқы 3-4 күн осылай өтеді. Кейбір сәбидің нәзік жаны мұндай өзгерісті көтермейді, ыстығы көтеріліп, тіпті денесінде қызыл бөрткендер пайда болады. Ас қорытуы төмендеп, ауырып қалады. Осындай кезде ата-анамен бірге тәрбиешілерде алаңдайды. Мұндай жағдайда сәбиге қалай көмектесу керек? Оған баланы қоршаған ересек адамның көмегі өте қажет. Мектепке дейінгі тәрбие мекемелері әрқашанда көмекке әзір. Тәрбиешілер, медбикелер, баланы ата-анасымен балабақшадағы күн режимін, санитарлық-гигиеналық ережелердің сақталуын, баланың тамағының құрамы туралы түрлі кеңестер береді. Ата-ана мекеме қызметкерлері кеңесіне көңіл қоюы тиіс.

Баланың бұл кезін бірнеше кезеңге бөлуге болады. Балабақшаға апарардан 1-2 ай бұрын дайындық жұмысын бастауға болады. Бұл кезде сәбидің күн режиміне балабақшадағы тәртіпті енгізуге болады. Осы уақытта күн режимінің орындалуын қадағаланса, бақшаға келген күннен бастап сәби өз тобымен бірге белгілі уақытта стол басына отырып, ұйықтайтын кезде топтағы басқа балалар сияқты ұйықтайды.

Сәбидің жақсы тамақтануы мен дұрыс ұйықтауына көңіл бөлу қажетті тәрбиенің негізі болмақ. Топпен бірге отырғанда балалар өздері тамақтанады. Үйде сәбидің қалай тамақтанғанын қадағалап отырса, педагогтер әрбір жаңа қабылданған балаға көңіл бөле алмайды. Өйткені, олар үйлерінде біреу емізік арқылы тамақтанса, біреуі ата-анасының алдына отырып, қолынан тамақтанатын болған. Сол сияқты ұйықтау кезінде де көп көңіл бөлінеді. Біреуіне жымыя қарап, біреуін қолымен сипап, біреуінің көрпесін түзеп көмектеседі. Ал жаңа қабылданған сәби дұрыс ұйықтай алмаса, барлық топ алаңдайды. Сондықтан үйде балаға бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, бақша режиміне асықпай үйрету керек.

Сонымен бірге өзі киініп, өзі шешініп, өзі тамақтанатындай дағдыға үйретсе, бала бақшада өзін еркін ұстайды да, үлкендердің көмегін күтпейді. Бұл сәбидің сезіміне жақсы әсерін тигізеді. Ойыншықтармен өзі ойнай алуы да көңілін өсіріп, жаңа ортаның кейбір жағдайларына көңілін алаңдатпайды. Бәрін де өзі істеуге талпынса, топтағы балалармен де, үлкендермен де қарым-қатынасы тез орнына түседі. Тиісті дайындықтан өткен сәби топқа қосылғаннан кейін ешбір қиындықсыз-ақ жаңа ортаға тез үйренеді.

Бақшаға келген кезде сәбиді тәрбиешімен таныстырып, қалай ұйықтайтынын, нені ұнататынын, үйде қалай еркелейтінін айтып қойған дұрыс. Тәрбиеші ол ескертпелерді өз жадында сақтайды. Мұның өзі балаға да пайдасы болмақ.

Кенет шешесі есіне түсіп жыласа, тәрбиеші оған қандай ойыншық ұсынуы керек екенін біледі. Жаңа орынға үйрену кезінде тәрбиешінің көмегіне сүйенген сәби жаңа ортаны өзіне жат сезінбейді.

Сәбиді балабақшаға ешбір дайындықсыз бірден орналастыру баланың көңіл-күйіне, ұйқысына, тамаққа тәбетіне кері әсерін тигізеді, сол себептен де алғашқы күндері жиі ауыратын болады. Егер ата-ана өз баласының бойына жақсы дағдыларды сіңіруде жалықпай еңбектенсе, сәбиін балабақшаға еш қиындықсыз, алаңдамай-ақ орналастыруына болады.

T00045 15.12.2020

Тарих пәнінен білім берудің сапасын жетілдіру жолдары.

ЖАМАНҚҰЛОВА АҚЖАРҚЫН КЕҢЕСҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Бершүгір ЖОББМ КММ

Тарих пәні мұғалімі

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» К.Ушинский

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уәлиханов айтқандай еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуде. Қазіргі таңда жас ұрпаққа ХХІ ғасыр деңгейінде жан-жақты білім беру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе болып отыр. Яғни жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде мұғалімдер қауымына ерекше жауапкершілік пен міндет жүктеліп отыр. Соның бірі патриоттық тәрбие беру мен дүниетаным қалыптастыруда тарихшы мұғалімдердің орны ерекше.

«Мұғалім – мектептің жүрегі» деп халқының болашағы үшін білімнің даңғыл жолын салған Ыбырай Алтынсарин бекерден бекер айтпаған. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Өз ісіне аса ықыласпен ден қоя отырып, құзырлы мұғалім ретінде баланың жүрегіне білім нәрін себе білуі керек. Сындарлы оқыту туралы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім – біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Бұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша күмәнді ойларын білдіре алатындай, пікір – көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым – түсініктерін өрістетуге орайластырылып құрылады.

Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты

қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай – ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсіну. Білімді және тәрбиелі, дүниетанымы кең, ұшқыр ойлы ұрпақ тәрбиелеу үшін – сындарлы оқыту теориясын сабақ үдерісінің негізгі көзіне айналдыру қажет. Осы бағытта білім беру ұйымдарының алдындағы мақсат – мұғалімдер тәжірибесін үнемі жетілдіру және бағалау. Жаңа әдіс –тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейту, дамыту болып табылады. Оқу сапасын арттыруда, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда әдіс-тәсілдерді мейлінше түрлендіріп отырған дұрыс. Ағартушы қайраткер А. Байтұрсынұлы «Қай әдіс жақсы?» деген мақаласында: «Жалғыз әліп-би үйренудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Әр әдіс-өз орнында жақсы. Әдіс көрнекіліктен шығады. Әдістің жаман-жақсы болмағы жұмсалатын орнына қарай» дейді. Ал Л.Н.Толстой «Үйрету әдістері туралы» еңбегінде «Олақтықтың белгісі-бір ғана әдісті білу, шеберліктің белгісі-түрлі әдісті білу, керек кезінде жоқ әдісті де таба білу. Мұғалім көп әдісті білу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек» деген. Олай болса, күнделікті ізденісіміз, жаңа технологияларды оқып-үйреніп өз тәжірибемізде шеберлікпен қолдануымыз-алдымыздағы шәкірттерге терең де тиянақты білім берудегі қажеттілігіміз.

Алдымызда тұрған міндеттеріміз мынадай: оқушының өзіндік және жеке ойлауын қалыптастыру оқушының шығармашылық таланттарын жан –жақты ашып көрсету оқушының сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту сабақ үдерісінде АКТ –ны тиімді пайдалану тарих сабағында оқушының белсенділігін арттыру оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыру. оқушылардың ғылыми білім, іскерлік дағдыларды меңгеруіне керекті оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру. ақыл-ойды, ұғымталдықты, қабілетті, дарындылықты дамыту. Оқушының жаңа тың материалдарды тауып, сұрыптауына мүмкіндік туады. Әл-Фараби: « оқыту дегеніміз – үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру», - дейді. Оқыту – мұғалім мен оқушылардың белгіленген мақсатқа жетуге бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті, оқушылардың танымдық іс-әрекетін арнайы ұйымдастыру. Оқыту процесі – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті. Оқыту процесі – екі жақты процесс болғандықтан, мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетін, мұғалім тарапынан оқушы іс-әрекетіне басшылық етуді, жоспарлауды, ұйымдастыруды, басқаруды талап етеді. Осы процесте оқушылар ғылыми білімдер алып, іс-әрекет жасауға үйреніп, жақсы мен жаман туралы көзқарастарын қалыптастырады. Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері көбеюде. Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруде сабақтың тиімді түрлерін қолданып келемін.

Осы мақсатта оқушылардың танымдық қызығушылығын, белсенділігін арттыру үшін өз сабағымда пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдерден мысалдар келтіріп кетуді жөн көрдім. 5- сыныптарда ойын сабақтары, 8-10 сыныптарда сын тұрғысынан дамыту, ұжымдық оқыту, пікірталас, семинар, сынақ, жарыс, өзіндік жұмыс, мәнерлеп оқыту т.б. тәсілдерді қолданамын. Сурет-иллюстрациялар бойынша әңгіме құрастыру, тірек сигналдар, тірек-сызбалар, кластерлер, хронологиялық таблицалар құрастыру, тірек-конспектілер, Венн диаграммасы арқылы жұмыс істеу әдістері де қолданылады. Тағы бір ерекшелік, күнделікті сабақпен салыстырғанда қайталау сабақтарында оқушылардың өз беттерінше ойланып жұмыс істеуіне едәуір мүмкіндік туады. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды өз бетінше талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды, баға береді. 11 сыныптың Қазақстан тарихы пәні бойынша «1916 жылғы ұлт –азаттық көтерілістің алғышарты, сипаты, мақсаты, барысы мен нәтижелері» деген тақырып бойынша сабақ өтіп, оқушыларға топта жұмыс жасата отырып, жаңа білімді игеруіне бағыт бердім. Сабақтың ұйымдастыру сәтінде мен оқушы назарын сабаққа аудару мақсатында С.Мұқановтың «Ботакөз» романынан үзінді оқып, оқушыларға «Бұл үзіндіде қандай тарихи оқиға суреттелген?» деген сұрақ қойдым.

Оқушылар І дүниежүзілік соғыс кезі деп жауап берді. Осыдан соң бүгінгі сабағымыздың сол соғыс кезінде қазақ даласында болған ұлт-азаттық көтерілісі жайлы екендігін хабарладым. Сабақты ілгері апару үшін шағын екі топқа бөліну керек екендігін ескерттім. Оқушыларды өздері ұнататын түстерге байланысты екі топқа бөлдім. Топтарға жаңа сабақтың мазмұнын ашу, түсіну мақсатында тапсырма бердім. 1-топқа көтерілістің болу себебі, мақсаты, сипаты, негізгі ошақтары жайлы оқып постер әзірлеуді тапсырдым. Ал екінші топқа интернет материалдарын пайдаланып көтерілістің басшылары, көтеріліс барысындағы ірі шайқастар, олардың нәтижелері мен тарихи маңызы жайлы деректер алуды тапсырдым және сол іздену жұмыстарын ортаға салып қорғау қажеттігін ескерттім. Екі топта өздеріне берілген тапсырмаларды зор қызығушылықпен орындады, постермен жұмыс жасап қорғады. Бұл сабақта ұялы телефондар тиімді қолданылды. Мен бұрын ғаламтор материалдарын өзім таратып беретін едім. Осы сабақта оқушылар өздері оқулықта жоқ көтерілістің басшылары туралы мәліметтерді тауып, оқып үйренді, талдады. Осы тапқан мәліметтерін топ бойынша қорғады.

Оқушылар топ бойынша жұмыс жасай отырып бір –бірін тыңдады, оқып үйренді. Тақырып мазмұнын ашты. Тақырып мазмұнын әр топ дөңгелек стол әдісі арқылы қорғады. Жаңа тақырыпты оқушылар өз бетімен меңгеруге бағытталып, жұптық әрі топтық талдау жасау арқылы түсінді. Сабақты бекіту кезеңінде оқушылар өздерінің нені меңгерді, нені меңгермегенін анықтау мақсатында «Жедел жауап» сайысы арқылы өз білімдерін тексерді. Сабақ

соңында топтарға әр топтың сабақ барысындағы іс-әрекетіне бағалау критерийлері арқылы баға берді. Топпен жұмыс тәсілі оқушылардың бір-бірін тыңдай білуіне, сөйлеу мәдениетіне, өздерін сенімді ұстауына, ұйымшыл болуға тәрбиелейтінін байқадым.

Тарих сабақтарында көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдана білу мұғалім алдында тұрған бірден- бір міндет. Сабақта жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан жақты қолдану, сабаққа керекті материалды ақпараттық кеңістіктен іздеу, мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, оның уақытын үнемдейді, жаңа ақпарат түрі көбейіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болу тиіс. Мен сабақтарымда интерактивті тақтаны жиі пайдалануға тырысамын. Сабақ барысында заман талабына сәйкес электронды оқулықтар арқылы оқытуды да пайдаланамын. Оқытудың мұндай инновациялық, интерактивті әдістері оқушылардың бұрынғы дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда неғұрлым нәтижелі білімді игеруіне жағдай туғызады. Яғни, бұл жағдайда оқушылардың сабақ үрдісіндегі белсенділігі, пәнге қызығушылығы артады.

Бұл әдістер оқушыларды тапқырлыққа, тездікке, ойын жинақтай білуге, жүйелі білім алуға тәрбиелейді. Ақпаратты технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми – педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады. Оқушылармен материалды игеру үрдісін психологиялық түрде жеңілдетеді. Пәнге деген танымдылық қызығушылығын тудырады. Оқушылардың көз қарасын кенейтеді. Сабақ үстінде көрнекілікті қолдану мүмкіндігі өседі. Тарихты оқуға және үлгерімді жоғарылату қызығушылығы туады. Теориялық материалды толық игеру болады. Ақпаратты табу, оны компьютерлік технология арқылы өндеу, өз көзқарасын нақты және қысқаша қалыптастыру дағдысы. Сабақ үстінде оқушының да мұғалімнінде еңбек өнімінің жоғарлауы болады. Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян.

Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үрдісінде қазіргі күннің, яғни инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ.

Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім -түсіндіреді. Керемет мұғалім – көрсетеді. Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен.

Сондықтан ХХІ ғасыр мұғалімі жан-жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу-қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту- тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» деген сөзін үнемі жадымызда сақтасақ деймін.

T00063 15.12.2020

Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы

ОРАЗ АЛТЫНАЙ ШЕРАЛЫҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы

КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілдік мәдениетін тәрбиелеу.
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізуге икемделеді. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз.

Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.
6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер,

біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын. Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол.

Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі.

Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды. Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік
- Өз үйім - өлең төсегім
- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді
- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді
- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

T00064 15.12.2020

**Мектеп жасына дейінгі балалардың
дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшеліктері**

АБДИБЕКОВА АҚТОТЫ КАМАЛБЕКОВНА

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақшасы
Дене шынықтыру нұсқаушысы*

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады.

Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады.

Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет.

Барлық бұлшық ет топтарын, әсіресе, жиырмалы бұлшық еттерді қатайту, жүрек пен тамыр жүйесінің жетілуіне, оның әртүрлі және тез өзгеріп тұратын ауыртпалықтарға бейімделу мүмкіндіктерін арттыру, тыныс алу мускулатурасын қатайту, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіру шеберлігін дамытуға мүмкіндік жасау, нерв жүйелері мен сезім органдарының дамуына көмектесу қажет [1].

Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін

қалыптастыру болып табылады.

Баланың қозғалыс дағдысы 7 жасқа дейін қалыптасып, әрі қарай даму, шыңдалу қызметі атқарыла бастайды. Бала ағзасының даму мен өсу үдерісінде бұлшық еттің күші қозғалыс факторлары арқылы артады. Сондықтан да мектепке дейінгі кезеңде балардың дене тәрбиесіне ерекше мән берілу керек [1]. Дене тәрбиесі ағзаны шынықтырып, бала психикасының дамуына үлкен әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімінің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған, көп қырлы педагогикалық іс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, өйткені бұл кезде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалса, бала денесі тез жетіліп өседі. Мектепке дейінгі шақта бала ағзасы әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл әрекетін дамытуда, мәдени-гигиеналық дағдысын, әдетін қалыптастыруда дене тәрбиесінің мәні ерекше.

Міне, осындай мақсат көздейтін дене тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту; 2) мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру; 3) бала денесін шынықтыру; 4) балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту.

Мектеп жасына дейінгі баланың денесін шынықтыруды зерттеген белгілі ғалымдардың бірі Т.И. Осокина «...дене шынықтыруды педагогикалық ықпалмен мақсатты жүргізгенде нақты нәтижеге жетіп, бала денсаулығы нығайып, жалпы шыдамдылығы, жұмыс жасау қабілеті артып, жеке тұлға болып қалыптасып, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді деп көрсетеді [2]. Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін беру негізіне мыналар жатады: балалар күтімі және өсуіне қолайлы мәдени-гигиеналық жағдай жасау, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы, баланың жасына, ауа-райына ыңғайлы киінуі, гимнастика және қимылды ойындар ойнату, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығару, күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану. Мектепке дейінгі «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны төмендегідей ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің түрлері:

- дене шынықтыру;
- валеология;
- дербес қимыл белсенділігі, шынықтыру және сауықтыру шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар арқылы балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиесін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Дене тәрбиесін ұйымдастырудың бұл формалары дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн режиміндегі міндеттің орнын анықтайды.

Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы балалардың жасын және жеке басы типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады.

«Денсаулық» білім беру мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған:

- өзінің дене күш-қуатының саулығын ойлауға және тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтауға;
- қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеруге;
- түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге;
- денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас гигиенасының дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді [3].

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті— балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларын дұрыс қимыл-қозғалысқа үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің маңыздылығы өзара байланысты сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруда болып табылады, олардың орындалуы баланың дене күшінің дамуын, денсаулығының нығаюын, олардың дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын игеруін, физкультура мен спортқа эмоционалды жағымды қатынасын қалыптастыруды, оның жеке басын жан-жақты қамтамасыз етеді.

Мектеп жасына дейінгі балаға дене тәрбиесін беруде қимылды ойындардың орны ерекше. Қимылды ойындар бұлшық еттерді ғана іске қосып қоймайды, баланың бүкіл ағзасының, ішкі құрылысының қызметін, зат алмасуын күшейтіп, психикасының дамуына да ықпал етеді, жалпы денсаулығын нығайтады. Қимыл әрбір іс-әрекеттің негізін құрайды, тиімді ұйымдастырылған қимыл икемділікке, күштілікке, үйлесімділікке, әдемілікке баулиды, жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді.

Дене шынықтыруды қимыл-қозғалыс ойындары арқылы жүзеге асыру балалардың дене мүшелері мен көңіл-күйлеріне қатты әсерін тигізеді. Қимыл-әрекетке толық жағдай жасаудың, барлық бала ойыннан қуаныш табуға мүмкіндік жасаудың маңызы зор.

Ойын барысындағы іс-қимылды дұрыс сапалы түрде балаға жеткізіп бірнеше рет қайталап әдетке айналдырғанда, бала ағзасындағы зат алмасу артып, жүйке жүйесі белсенділігін танытып, қан айналымы жақсарады. Қозғалыс барысындағы жиі демалудан бала ағзасындағы оттегіге деген қажеттілік артады. Дене шынықтырудың арқасында баланың көңіл-күйі жоғарылап, жүйке жүйесі бекиді. Дене шынықтыру нәтижесінде бала өзінің іс - әрекетіне және топтық тәртіпке үйреніп, оның ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы

оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына септігін тигізеді.

Дене жаттығулары - дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Дене жаттығулары баланың жас ерекшелігіне сай өзгеріп күрделене түседі. Жас шамасына қарай күрделене түскен жаттығулар өз құрамына күнделікті тұрмыстан, адам еңбектерінен, әскери қимыл қозғалыстардан сонымен қатар спорт түрлерінде кездесетін қозғалыс түрлерінен алынатын жаттығуларды енгізеді. Жаттығу кезінде баланың барлық тірек-қимыл мүшелері жұмыс жасап, барлық мүшелерінің іс-қимылдары дамып, жүрек, тыныс алу және жүйке жүйелерінің қызметі арта түседі.

Балабақша үшін жалпы дамыту жаттығуларын барлық топпен бір мезгілде орындатқан тиімді. Осы кезде қимыл-қозғалысты үйренуге барлық бала бірдей қатынасып, бірінен-бірі қалғысы келмей ат салысады. Келесі бірнеше баламен жұмыс арнайы жаттығу элементтерін меңгеру барысында әр баланы қозғалыс-қимылға үйретіп қадағалау негізінде белгілі бір жетістікке жету мүмкіндігі туады деп көрсетеді. Балаларды қимылға үйретудің негізгі әдісі көрсету, түсіндіру және жаттығуларды балалармен бірге орындау болып табылады. Бұл әдістің қолдану барысы әртүрлі. Дене шынықтыру барысындағы қимыл-қозғалыс элементтерін орындаудың негізгі шарты оларды бірнеше рет қайталау және бірте-бірте жетілдіру болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі – балаға қимыл негіздерін үйрету. Негізгі қимылдарға жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу сияқты қимылдар жатады. Балаларды мақсатқа бағытталған қимыл жасауға, қажет кезінде қимылды тежеу әрекеттеріне үйрету керек. Қимылдың тәрбиелік әсері де зор: ойын, гимнастикалық жаттығулар мен еңбек үстінде балалардың кеңістікті бағдарлау, шапшаңдық, дәлдік, ептілік қасиеттері, ұжымдық қарым-қатынастары тәрбиеленеді.

Қимылды дамытуды жоспарлағанда мынадай жалпы қағидаларды ескеру керек:

1. жаттығуларды, ойындарды, еңбек тапсырмаларын таңдағанда баланың қолынан келетін, оларды қызықтыратын, бүкіл ағзасының дамуына түгел ықпал жасайтын, бұлшық еттердің қимыл әрекетіне әсері барын сұрыптап алу;
2. ойындар мен жаттығулар еңбек тапсырмаларын орындауға, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу сияқты қимылдардың дамуына ықпал ететін, дұрыс дағдыны қалыптастыратын болуы керек;
3. физиологиялық жағынан әлсіз бұлшық еттерді нығайту, баланың тұлғасын дұрыс қалыптастыруға себепкер болуы керек;
4. ұжымда жұмыс істей білуге жетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қорыта келе айтарымыз, бала ағзасын қалыпты өсіру үшін мектепке дейінгі ұйымда баланың дене тәрбиесін ұйымдастыруға тәрбиешілер ерекше мән беруі керек.

T00060

15.12.2020

**Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің
ата-аналар мен педагогтың әлеуметтік серіктестігін дамыту**

БАИМБЕТОВА ГУЛЬЖАН АХЫЛБЕКОВНА

*Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі*

Білім берудегі жағдай жаңа типтегі балабақша,білім мазмұнын жаңарту, адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру сияқты оң тенденциялармен ғана ерекшелініп қоймай, отбасы мен балабақша арасындағы байланыстың әлі де өз деңгейінде болмауымен де ерекшеленеді. Бұған себеп ретінде ата-аналардың жұмыс бастылығын,әлеуметтік деңгейдің төмендеуін,отбасылық құндылықтың жоғалуын т.б келтіруге болады.

Сондықтан білім ордалары адамгершілік қарым-қатынастың, құндылықтарды қалыптастырудың, жеке тұлғаны дамытудың ошағы ретінде әрекет етуге бағытталған. Қазіргі балабақша Миссиясы тек балаларға адамгершілік, коммуникативтілік, ынтымақтастық мекені болып қана қоймай, ата-аналардың да бала тәрбиесіндегі сенімді серіктесіне айналу құзырына да ие болуы маңызды. Әсіресе бұл ынтымақтастықты қалыптастыру балабақшада ерекше орын алады.

Баланың бірінші ұстазы-ата-анасы деп тегін айтылмаған. Балабақша болсын,мектеп болсын ең алғаш оқытушы алдына келген баланың отбасында қалыптасқан мінез-құлқы, танымы,әдеті мен түсініктері бар. Сондықтан алдымызға келген баланы әрі қарай дамытып, бойына жеке тұлғалық құндылықтарды қалыптатыруда ата-анамен бірлесе әрекет ету күмәнсіз жақсы нәтижеге жеткізері анық. Білім беру мен тәрбиелеудің негізгі тапсырыс берушісі ретінде ата-аналардың педагогикалық-психологиялық сауаттылығын арттыру-ата-аналармен әрекеттің негізі. Баланы балабақшаға дайындаудағы мақсат, міндет, түсініктер мен танымдарды қабылдап,атсалысуын қамтамасыз ету.

Көптеген ата-аналардың балабақша өміріне тікелей қатысуында тәжірибесі жоқтың қасы.

Бұл мәселені шешуде отбасымен серіктестік пен ынмытақтастықты баланың балабақшаға бейімделуі кезеңінде жаңа деңгейде құру қажет. Баланың балабақшадағы өмірінің табысты басталуы-отбасы мен балабақшаның ортақ әрекетінің нәтижесі. Ата-аналармен ынтымақтастық бастауында серіктестіктің қалыптасуы баланың балабақша өміріне тез бейімделіп, жан-жақты дамуына апарар жолдың негізгісі.

Себебі ата-анасының балабақша өміріне белсене қатысуы баланың өзіне деген сенімін арттырып, оқуға деген құлшынысын арттырады сөзсіз.

Балабақшадан мектепке қабылданған кез-әр баланың өмірінде күрт өзгеріске толы кезең. Баланың психикалық жетілуіндегі маңызды қортынды оның мектепке қаншалықты дайындығында жатыр. Себебі үйреншікті әдеттері мен әрекеттері өзгеріске ұшырайды, жаңа әлеуметтік жағдайларға тап болып, оған бейімделе бастайды. Өзінің жаңа қалып-жағдайын ұғыну, түсіну қиындыққа соқтырады.

Педагогикалық ұжымның міндеті – балабақшада балалармен жұмыс істеудің мазмұнын жаңарту қызметін жетілдірудің ішкі резервтерін іздестіру.

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі функциясы – баланың жеке тұлғасын мақсатты түрде әлеуметтендіру. Осыған байланысты МДҰ-ға қойылатын қазіргі заманғы негізгі талаптарды бөліп қарауға болады: бала өз қажеттіліктеріне, қабілеттеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес, ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар құру арқылы дербес дамуға деген өз құқығын іске асырады; педагог өзінің кәсіптік және жеке қасиеттерін дамытады, басшы балалар мен педагогтар қызметтерінің табыстылығын қамтамасыз етеді; МДҰ-да ата-аналардың өз балалары үшін қалайтын болашаққа деген көзқарасының ерекшеліктерін ескереді және оларды балалармен және білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығымен сындарлы-серіктестік өзара әрекеттестікке бағдарлайды. МДҰ-ның қызметі «бала – бала», «бала – ата-ана», «бала – тәрбиеші», «бала – маман» жүйесіндегі «Серіктестікке негізделген іс-қимылдардың алуан түріндегі шығармашылыққа белсенді, еркін баланы дамыту» тұжырымдамалық қағидалары негізінде құрылады. Тек айналасындағы адамдармен тығыз ынтымақтастықта ғана бала мінез-құлықтың әлеуметтік қабылданған түрлерімен танысады, адамгершілік нормаларын саналы түрде ұстануға және білім беру үдерісіне белсене қатысуға үйренеді. Даму МДҰ-қызметінің барлық жағын қамтиды, ал өзгерістер әр балаға, тәрбиешіге, басшыға, отбасына қатысты болады. Әр педагог тәрбиеленушілермен өзара әрекеттесудің негізгі түрлеріне – ынтымақтастыққа, сұхбатқа, серіктестікке, бірлескен шығармашылыққа үнемі бағдар алып отырады. Тұжырымдамалық қағидаттар негізінде МДҰ-ны басқару технологиясын ұйымдастыруды қарастырамыз. Мақсаты: МДҰ тәрбие беру қызметін дамыту үдерісін стихиялықтан гөрі басқару үдерісіне ауыстыру. Міндеттері: Қайта құру үдерістерінің мәнін көрсететін басқарылатын ақпарат ағынын ұйымдастыру.

Ақпараттық-зияткерлік ортаны қалыптастыру. Педагогтың өзін-өзі дамытуына ықпал ететін жағдайлар жасау. Педагогтың инновациялық қызметін проблемалық-бағдарлық сүйемелдеуді қамтамасыз ету. Аталған міндеттерді іске асыруға арналған құралдарға: диагностика (анықтау), құрылымдау немесе жоспарлау (жаңалықтарды модельдеу-әзірлеу); түзету; талдау; сараптау (бағалау); басқарушы шешім қабылдау жатады.

Кезеңдері: Диагностика – басқару назарының аймағын айқындау, қайта құру бағыттарын анықтау. Түзету – болашақ МДҰ моделін белгілеу, бағдарламаланатын модельді түзету, эксперименттік қызмет. МДҰ-дағы өз жұмысы туралы пікірлері мен қалауларын, жұмыс түрлерін анықтау мақсатында педагогтармен «миға шабуыл» жүргізу. Өзара әрекеттесу мақсатында басқа МДҰ-лар туралы ақпарат жинау және оларды өңдеу. Қызметті жоспарлау – нақты жұмыс жоспарын құру. Негізгі мақсатты, қызмет бағытын, жоспарды іске асыру кезеңдері мен мерзімдерін белгілеу. Талдау – МДҰ жұмысының деңгейін мына позициялар бойынша анықтау: балалардың даму деңгейі, педагогтардың кәсіптік құзыреттілігі; тәрбие және білім беру бағдарламаларын іске асыру, инновациялық қызметтің нәтижелілігі, оқу-тәрбие үдерісін әдістемелік және дидактикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, құрылған дамытушы ортаның деңгейі; материалдық-техникалық қамтамасыз ету. Педагогикалық жұмыстың мазмұны туралы көптеген әзірлемелер бар. Әрбір МДҰ-ның педагогтардың нақты ұсыныстарымен қабылданатын өзіндік ерекше тәсілдері бар. Жұмысты ұйымдастыра отырып, басшы педагогикалық үдерістің – білім беруге қатысушылардың барлығына бағытталған мұқият ойластырылған жүйе екенін есте ұстауы тиіс. Қазіргі кезде педагогикалық ұжым ізденістік режимде жұмыс істеуі қажет. Жұмыста ең бастысы – мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыстың нысандары мен әдістерін жетілдіруде педагогтарға нақты көмек көрсету. Барлық жұмыс тәрбие және білім берудің үздік педагогикалық тәжірибелері енгізілген, бір мақсатқа біріккен, пікірлес педагогикалық ұжымды қалыптастыруға бағытталған. «Шығармашылық шеберхана» білім беру үдерісі Ата-аналар Баланың сапалы күтімі мен біліміне мүдделілік, тәрбие беру қызметінің дағдыларын жетілдіру Әдіскер Ата-аналарды ынтымақтастыққа тарту, МДҰ-да неғұрлым қол жетімді және қолдануға келетін тәрбиелік қызметтерге деген сұранысты зерделеу Педагогтар Отбасына деген педагогикалық көмекке қолдау көрсету.

Балалардың қызығушылығын қалыптастыру және бағыттау, оларды кеңейту және тереңдету, оларға тұрақтылық, әрекеттілік, адамгершілік бағыттарын беру Тәрбие және білім беру үдерісінің маңызды аспектілеріне балаларды оқыту мен түрлі қызмет барысында субъектілік ұстанымды қамтамасыз ету, баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне құрметпен қарау; таңдау еркіндігі; қатарластары және ересектермен мейірімді қарым-қатынас; білімін, икемдерін, қарым-қатынас пен ойындағы, еңбектегі, арақатынастағы тәжірибесін меңгеру және қолдану. Барлық педагогикалық технологиялар баланың өз өмірінің субъектісі бола білу қабілетін дамытуға бағытталған. Қызмет субъектісі ретінде баланың маңызды сипаттамалары – бұл оның өзіндік дербестігі, бастамашылдығы, танымда, ара қатынаста шығармашылық қызметін көрсету.

Сонымен қатар балабақша жұмысының тиімділігі көп жағдайларда МДҰ – қызметкерлері мен ата-аналар арасындағы сындарлы өзара әрекеттесушілік пен өзара түсіністікке байланысты болады.

Ата-аналармен жұмыстың әзірленген моделі өзара әрекеттесудің «Ата-ана – бала – педагог» жүйесін құруға мүмкіндік береді, бұнда бала назарға алудың жетекші субъектісіне айналады, ал ересектердің арақатынасы – эмоциялық тұрғыдан бірқалыпты, өзара қолдануға келетін, еркін және тәуелсіз, сындарлы болады. Ынтымақтастық жобасының өзара әрекеттесу үдерісіне неғұрлым белсене қатысуын көздейді, алайда бұл белсенділік бәрбір жергілікті сипатта ғана болады, өйткені белгілі бір қызметте ғана күш сала қатысуды нысанға алады. Ынтымақтастықтың аталған моделін іске асыру үдерісі кезінде «ата-аналықтың басымдылығына» деген қарым-қатынас түбегейлі өзгереді. Ата-аналар бойында балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру үдерісіне педагогтармен бірлесе, саналы түрде ортақ кірісу икемдері қалыптасады, ал педагогтар ата-аналардың білім беру жүйесінен қашықта болуы сияқты таптаурынды кедергіден өтеді. Дәстүрлі қалыптасқандай тек ата-аналармен ғана жұмыс жүргізіп қою жеткіліксіз, оны

МДҰ-ның барлық қызметкерлерін қамти отырып, балалармен жүргізілетін жұмысты да үйлестіру қажет. Педагогтар мен ата-аналардың өзара әрекеттесуінің негізгі идеясы – балаларды тәрбиелеуде күш біріктіруге мүмкіндік беретін серіктестік қарым-қатынасты орнату, мүдделер ортақтығының атмосферасын құру, ата-аналардың тәрбиелеу машықтарын белсендіру. МДҰ-дағы білім беру үдерісіндегі ата-аналардың және педагогтардың өзара әрекеттесу моделін құру мынадай міндеттерді шешуді: – ата-аналардың тәрбиелеу мүмкіншіліктерін белсендіруді; – ата-аналарды

МДҰ-дағы білім беру үдерісіне қатысуға тартуды; – отбасылық тәрбиелеу тәжірибесін білім беру бағдарламаларын іске асыруда пайдалануды; – өзара әрекеттесуге қатысушылардың жеке тәжірибесін қызмет арқылы, оны өзгерту мен қайта құру арқылы байытуға ықпал етуді көздейді. Қарым-қатынастың сенімгерлік нысанының моделі Баланың жағымды бейнесін (ата-аналарға) трансляциялау Отбасында алған білімін (ата-аналарға) трансляциялау Педагогтарды баланың дербестігімен таныстыру Баланың дербестігін бірге зерттеу және қалыптастыру Әлеуметтік серіктестік моделін іске асыру мына нәтижелерге: – баланы МДҰ-да күтіп-ұстаудың отбасына неғұрлым жақын эмоциялық-психологиялық қолайлы жағдайын жасауға; – педагогтар мен ата-аналардың бойындағы бірыңғай құндылық бағдарларға қол жеткізуге; – отбасының бала өміріндегі әлеуметтік және педагогтық рөлдің маңыздылығын тануға; – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде және оларға білім беруде ата-аналардың педагогикалық, психологиялық және құқықтық сауаттылықтарын арттыруға; – бала мен ата-аналар қарым қатынасын ізгілендіруге; – ата-аналардың МДҰ қызметіне араласу деңгейін арттыруға; –

эмоциялық өзара қолдау, жайлылық, өзара түсіністік атмосферасы, мүдделер ортақтығына; – ата-аналардың МДҰ қызметін жоспарлауға және ұйымдастыруға қатысуына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Отбасы мен МДҰ-ның әлеуметтік-педагогикалық серіктестігінің моделі – әлеуметтік өзара әрекеттесудің перспективалық және тиімді түрі. Ол ізгілік тәсіліне бағдарланған дәстүрлі педагогикалық дүниетанымды өзгертуді қажет етеді: бала, оның дамуы, жеке басы әлеуетінің ашылуы басты әрекет етуші тұлғаға айналады, ал МДҰ бала мен ата-аналар арасындағы делдал болып табылады және олардың қарым-қатынастарының үйлесімді болуына көмектеседі.

Отбасымен жұмыстың қалыптасқан әдістерімен қатар, балабақшамызда жүйелі түрде өткізілетін отбасымен серіктестік әрекет түрлері де бар. Отбасының әлеуметтік, тұрмыс, мәдени деңгейін, жұмыс ерекшелігін ескере отырып әлеуметтік портретін құру.

1. Ашық есік күндері өткізілетін шаралар арқылы әр ата-ана баласының жетістіктерін байқай отырып, мүмкіндіктерінің, мінезінің қыр-сынын тани бастайды.

2. Мерекелер мен шараларды өткізуге қатыстыру

3. «Толағай» атты топтар арасындағы спорттық сайыс. Ата-аналар балаларының дене дайындығын ғана байқап қоймай, өздерінің де қабілеттерін көрсету арқылы жақсы эмоционалды байланыс орнатады. «Көктем-ана, қыздар-гүл», «Әке және мен» сайыстары отбасылық дәстүрді жаңғыртып, отбасымен серіктестікті нығайтады.

4. «Ата-аналарға арналған бұрыш». Бұрышта ата-аналарға баланың психикалық, дене, дамуындағы, жас ерекшеліктеріндегі өзгерістер, ескерілетін жағдайлар бойынша кеңестер мен сұрақ-жауап айдары жұмыс жасайды.

Адамгершілік-бұл ата-ана мен баланы сақтайтын бекет, біріншісін реніш пен өкініштен сақтаса, соңғысын ар-ожданы алдындағы азаптан сақтайды.

Отбасымен серіктестік барысында жүйелі әрекет қажет, әрбір отбасының қызметін, әлеуметтік-материалдық жағдайын, білімі мен қызығушылығын, ұстанымдарын ескере әрекеттенген жөн. Ата-аналармен ағартушылық және бірлескен әрекеттердің кезеңдері анық нақты айқындалуы қажет.

- Барлық бірлескен әрекеттер, ұсынған әдістер отбасына қызықты қажет болуы шарт
- Ұсынылған әрекеттер мен әдістердің ішінде ата-анаға таңдау құқығы берілгені жөн.
- Өз балаларымен бірлесе әрекет етуге, оның көзінде маңыздылығын сезінуге бағыттайтын әрекет жасауға мүмкіндігінің болуы

R00070

12.12.2020

Жаңартылған білім мазмұны география пәнінде

ЖАҚЫПОВА АЙГЕРІМ ШАМЕЛҚЫЗЫ

Ақтөбе қаласы, Үш тілде оқытатын № 21 орта мектеп-гимназия
География пәні мұғалімі

*«Мұғалім-мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне
ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тымсыз лаулаған жалын иесі»*

Я.А.Коменский

Елбасымыз Қазақстанның қарқынды даму барысында әр жылы халыққа арналған жолдауларында оқу білім саласын міндетті түрде қамтып, бағытымызды анықтап, жолымызды саралап келеді. «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»

Н.Ә.Назарбаев Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сонықтан білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2016-217 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Спиралды құрылым білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Яғни білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Жаңартылған білім мазмұнында бағалаудың критериалдық жүйесі мұғалімге оқушының білімін, ептілігін және дағдысын анықтап қана қоймай, сонымен қатар оларды оқушының функционалдық сауаттылығымен байланыстырып қарауға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім мазмұнындағы критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. География сабағындағы қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. Критериалды бағалау бойынша мысалы қалыптастырушы бағалауға тапсырма жасаған кезде оқу мақсаты сабақтың мақсатындағы етістікті Блум таксономиясының қай

сатысы екенін анықтап алу қажет. Яғни, ойлау дағдыларының деңгейін сәйкестендіреміз. Оқу мақсаттарын ойлау дағдыларының деңгейімен және бағалау критерийлерімен сәйкестендіру маңызды рөл атқарады. Сабақты құрғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа аламыз.

География сабағында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда тиімді құралымыз Блум таксономиясы. Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясының мақсаты-оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. География пәні бойынша берілетін тапсырма Блум таксономиясы бойынша сол ойлау деңгейінен асып кетпеуі шарт. Қолдану болса тапсырмада одан жоғарғы талдау, жинақтау, бағалау бойынша тапсырмалар берілмейді. Блум таксономиясы оқыту нәтижелерін жазу үшін жиі қолданылады, ол дайын құрылыммен және етістіктер тізімімен қамтамасыз етеді. Етістіктерді дұрыс қолдану – оқыту нәтижелерін ойдағыдай жазып шығудың кілті. Бағалау критерийі де оқу мақсатымен тығыз байланысты. Бағалау критерийі дегеніміз — білім алушылардың оқу жетістік деңгейлері өлшенетін белгі, өлшем, негіздеме. Одан кейін тапсырма құрастырамыз. Бағалау критерийінен дескрипторлар беріледі, яғни критерийді қадам бойынша ашамыз.

Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым. Тапсырманы әр оқушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады. Тапсырманы орындау үшін берілетін уақытты нақты белгілеу. Жұмыстың аяқталу мерзімін тақтаға жазып қойған орынды. Дәл осы уақытта жұмыс тоқтатылып, қажет болса жиналып алынады. Мұғалім тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді, немесе тақтаға жазып қояды. Әр топқа немесе әр оқушыға таратып беруге де болады. Тапсырма бойынша не жасау керектігін 1 минут уақыт беріп топ ішінде талқылауға да болады. Критерийлер мен дескрипторлар әр оқушыға немесе топқа таратылады. Интерактивті тақтаға шығарып қоюға да болады.

Тапсырманы дұрыс түсінгендігін анықтау қажет. Берілген тапсырманы топ немесе жұп құрамында орындау қажет. Оқушылардың бұл жұмысты таңдап алған рөлдер ауқымында жүзеге асырғандығы дұрыс. Мұнда топтағы өзара позитивті тәуелділікті тудыру үшін әр топтың спикерін көрші топтың таңдағаны орынды. Бұл спикерді топтың өзі тағайындаудан әлдеқайда тиімді болады, өйткені топ мүшелері топ намысын бермеу үшін барлық оқушылардың талқылауға белсенді қатысып, спикер болатындай дәрежеге шығуға тырысады.

Оқушылар өз жұмыстарын сыныпқа таныстыру, қорғау үшін қанша уақыт берілгенін айту керек. 1, 2, 3 минут. Жариялау барысындағы ең маңызды сұрақ: «Бір топ қорғағанда қалған оқушылар не істеп отырады?» Қалған оқушылар бекер отырмау үшін олар бір-біріне кері байланыс беруге дайындалып отырады. Ол үшін жариялаумен таныса отырып (тыңдап, қарап отырып), бір топ (немесе бір оқушы) сұрақтар қоюға дайындалса, екінші топ (немесе оқушы) «жұлдызшалар» беруге (таныстырылымның ұтымды жақтарына тоқталу), ал үшінші топ (немесе оқушы) таныстырылымды қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс жасауға дайындалады. Егер төртінші топ болса (немесе төртінші оқушы), онда оларға таныстырылымды қорытындылау тапсырмасы беріледі, яғни оқушылар мұның оларға жасаған әсері, көмегі, маңызы туралы өз ойларымен бөліседі. Осылайша оқушылар тек мұғалімге жауап бермей, өз таныстырылымдарын бүкіл сыныпқа бағыттайды. Қалған оқушылар да өздерінің жұмыстарымен әлек болмай, назарларын жарияланып жатқан жұмысқа (немесе айтылып жатқан жауапқа) аударады. Жариялау немесе таныстырылым аяқталған соң оқушылар оның сапасы туралы өз ойларын ортаға салып, жағымды жақтарына тоқталады және оны жақсарту туралы ұсыныстар жасайды. Әрине, мұнда кері байланыстың «сыншыл дос» ұғымы ауқымынан шықпағаны дұрыс. Сонымен бірге кері байланыс жауап берген оқушыларға пайдалы болып, оларды ынталандыруы және қанаттандыруы керек. Мұнда бұл оқушылардан кері байланысты қалай қабылдағандығы туралы сұраған орынды: кері байланысқа қайта кері байланыс жасату.

Мұғалім мен оқушылар арасында тиімді қарым-қатынас, өзара түсінушілік арқылы қалыптастырушы бағалауды сабақта қолданса, табыс критерийлерін оқушылармен бірлесе отырып құрса, оқушының да пәнге деген қызығушылығы артады. Қалыптастырушы бағалау сабақ үдерісінде үздіксіз жүргізіледі, бұл бағалау оқушы қатесін түзетуге мүмкіншілік беріледі. Сабақта мұғалім әрбір тапсырмадан кейін қалыптастырушы бағалауды кіріктіріп отырса, Джон Хэтти зерттеулеріне сәйкес оқушының оқуына әсер етуде жазбашаға қарағанда ауызша кері байланыс неғұрлым тиімдірек екені ескерілсе, оқыту нәтижелі болады. Оқушылар сабақ үдерісінде құрбыларын бағалауда бір-біріне құнды кері байланыс ұсына алады және бір-бірінен үйренеді, бір-бірін қолдайды. Жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру- мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. Қытайдың дана ойшылы Конфуций: «Ескіден қол үзіп, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген, сондықтан, қазіргі заман мұғалімі – рухани жағынан дамыған, педагогикалық әдіс-тәсілдердің барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман болуы керек. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы қажет. Сабақта жеке, жұптық,

топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады. География пәні көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстарымен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береді. География ғылымы-өте қызықты да күрделі ғылым.

Жаңартылған білім мазмұнын география пәнінде жүзеге асыру үшін мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді. ХХІ ғасыр- ақпараттық технология ғасыры. Қоғамды ізгілендіру, оның білім мен мәдениет жүйесін дамыту процесінде ақпараттық технологиялар маңызды рөл атқарады. География пәні үшін басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұмысты талап етеді, сондықтан оқушылардың материктер мен дүние бөліктеріндегі және аралдардағы елдер мен халықтар жайында деректерді жинау, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Мысалы: материктің қалыптасуын, дамуын және қазіргі табиғат жағдайындағы ұқсастықтарын, солтүстік және оңтүстік жарты шар материктерін бейне материалдан көрсету оқушының білімін кеңейтеді және пән туралы ұғымын қалыптастырады. Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, интернет ақпараттарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып бір-бірінің оқуының ілгерлеуіне ықпал етеді. Педагог-жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» дегендей, сабақты өткізуде белсенді оқыту түрлерін қолдану арқылы оқушы уәжін арттыруды; мұғалім мен білім алушы арасындағы кері байланыс орнатуды; оқу жетістігін критериялы жүйе арқылы бағалауды да ескеруі қажет. Нәтижесінде білім алушылар өзара ынтымақтастықта жұппен, топпен жұмыс істеуге; өз ойларын еркін жеткізуге; өзін-өзі және серіктестерін бағалауды жүзеге асыруға; бір-бірін тыңдауға, талдауға, салыстыруға, сабақты қорытындылауға, қорғауға; оқытудың белсенді әдістерінің пән мазмұнына еніп, алынған білімнің негізінде еркін бағдарлай білуге дағдыланады.

Қорыта келе айтарым, жаңартылған мазмұндағы білім беруде, оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру- мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты болмақ. География сабақтарында оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолданудың оқушы біліктілігін арттыру үшін маңызы зор. Әйгілі зерттеуші Л.С. Выготский: «Дәстүрлі оқыту – бала дамуына

тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни «дамудың соңында жүрсе», жаңаша оқыту – «дамытуды өзімен бірге ала жүреді», - деген болатын. Сондықтан тек дәстүрлі оқытумен шектелмей, мұғалім әрқашан ізденісте болып, өзіне және шәкірттеріне тиімді жақтарын қарастырып отыруы тиіс деп ойлаймын.

T00052 15.12.2020

Балабақшадағы орыс тілі сабағы «Транспорт»

КАЙБУЛДАЕВА НУРСУЛУ ЖОРАБЕКОВНА
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы
КМҚК «Балауса» бөбекжай-бақша тәрбиешісі

Ашық сабақ: Транспорт орыс тілі балабақша

Аты- жөні: Кайбулдаева Нурсулу Жорабековна

Жұмыс орны: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы,
«Балауса» бөбекжай-бақшасы

Білім беру саласы: Коммуникация

Бөлімі: Орыс тілі

Тақырыбы: Транспорт

Мақсаты: балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, орыс тілінде көлік аттарын және бөліктерін ажыратуға үйрету. Ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекілігі: слайд, видео, көлік түрлері үлестірмелі материалдар.

Сөздік жұмыс: машина, ұшақ, пойыз, қайық

Билингвальды компонент: Машина – машина

Ұшақ- поезд

Қайық- лодка

Көлік – транспорт

Тәрбиеші: Балалар сендер әдемі , ақылды болып өсіп келесіңдер. Сендер барлық жақсылықты бойларыңа сіңіріп Қазақстанның үлгілі азаматы болып өсулерің керек солай ма?

• Олай болса бүгінгі оқу қызметімізді бастайық.

Шаттық шеңбер

Здравствуй солнце золотое,

Здравствуй небо голубое.

Здравствуй , вольный ветерок!

Здравствуй маленький дубок!

Мы живем в одном краю-

Всех я вас приветствую!

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
 - Қыс мезгілі
 - Орыс тілінде қалай атаймыз?
 - Зима
 - Дұрыс, неше ай болады?
 - Үш ай
 - Декабрь, январь, февраль.
- Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз және сұраққа жауап аламыз.
- көлік дегеніміз не?
- ол адамға не үшін қажет?
- Сендер балабақшаға қай көлікпен келдіңдер?
- Машине, автобуспен т.б.
- Балалар экранға назар аударайықшы. Көлік түрлері қандай болады екен. (слайдтан ұшақ, тікұшақ, зымыран, кеме, қайық, машина, автобус, пойыз т.б.)
- Адамдар көліктерді алыс жерлерге қатынас жасау үшін пайдаланады. Көліктер 3 түрге бөлінеді екен. Олар
- Әуеде ұшатын көлік- воздушный летные транспорт
 - Суда жүзетін көлік – водный транспорт
 - Жерде жүретін көлік - на земной транспорт
- Ал енді осы көліктермен танысайық

Әңгіме «Көліктер»

- Ерте, ерте ертеде адамдар алыс жерлерге жануарлар арқылы және жануарларға жегілген екі дөңгелекті арбамен қатынаған. Кейінірек адамдар машине, автобус сияқты жерде жүретін көліктерді, содан кейін теміржол көліктері пойыз, трамвайды ойлап тапқан.
 - Балалар сендер құс сияқты ұшқыларың келе ме?
 - Иә келеді.
 - Міне, адамдар түрлі жолдарын тауып ең алдымен әуе шары пайда болды да, кейін моторы бар ұшақтар мен тікұшақтарды ойлап тапқан.
 - Балалар сендер суда жүзіп көрдіңдер ме? . Адамдар ертеде ағаштан қайық жасау арқылы жүзіп өткен , кейін қайықтарды кемелерді уақыт өте ойластырған.
- (слайдтан арба, қайық, әуе шары көрсетіледі)
- Балалар сендерге түнікті болды ма?
 - Иә
 - Енді балалар адамға қажет ететін көліктер де бар екен. Олар мына суретте көрсетілген.

Суреттен 103, 102, 101, светафор көрсетеді.

- Балалар жедел жәрдем көлігі кімге қызмет етеді.
- Адамдарға ауырған кезде келеді
- Орыс тілінде «Скорая помощь» дейді
- Ал жол полиция ше?
- Көліктерді дұрыс жүруін қарайды
- Орыс тілінде «Дорожный патруль»- дейді
- Өрт сөндіретін машина ше?
- Өрт болған кезде көмек береді.
- Орыс тілінде «Пожарный машина» – дейді
- Ал бағдаршам ше?
- Көліктер жол ережесін бұзбау үшін қажет.
- Орыс тілінде «Светафор»- дейді.
- Жарайсыңдар балалар!

Ойын : «Бағдаршам»

Шарты: балаларға түстер көрсетіледі. Қимыл – қозғалыс арқылы іс- әрекет жасайды.

- Балалар ойын ұнады ма?
- Ұнады.
- Ендеше осы көліктер туралы тақпақтар білеміз бе?

Транспорт

Ты скажи- ка умница ,
Что же это? – улица!
Интересная картина:
Вот автобус, вот машина

Такси

Видишь шашички – такси!
Ты таксиста попроси,
Он тебе вполне свободно
Довезет куда угодно.

Самолет

Солнце в небе золотится,
Весь летит большая птица.
Эта птица самолет,
Он отправился в полет.

Самосвал

На стройку привез самосвал за часок,
Желтый – прежелтый чудесный песок .

Легковой автомобиль

Легковой автомобиль,
По дороге мчится.
А за ним густая пыль,
Тучею клубится .

Велосипед

Три отличных колеса ,
Катят по дороге .
Это мой велосипед ,
Не промоchiшь ноги.

Пожарная машина

Спешит машина красная,
Не выключая фар.
На службу на опасную,
Спешит тушит пожар!

Скорая помощь

Скорая помощь спешит на подмогу –
Машины , вы ей уступите дорогу.

- Балалар ойын ойнағыларың келе ме?
- Ойнаймыз.

1. Ойын: «Қайсысы артық?»

Шарты: Тәрбиеші тақтаға суреттер іледі. Суреттер арасынан көлікке қатысы жоқ суретті балалар табу қажет.

2. Ойын: «Көліктерді құрастыр»

Шарты: 1-2 бала тақтаға шығып, суреттерден көліктерді құрастырып, атау керек.

Сергіту сәті: (разминутка)

«Про Автобусе» өлеңін қимылмен көрсетеді.

Қорытынды

«Реаликсивный методом»

- Бүгінгі оқу қызметін саусақ арқылы сұраққа жауап аламын.
- Балалар сендер бүгін не үйрендіңдер?
- Көліктерді
- Көлікті орыс тілінде қалай атаймыз?
- Транспорт
- Қандай ойын ойнадыңдар?
- Көліктерді құрастырдық
- Бағдаршам не үшін қажет?
- Жолда жүру үшін
- Сендердің көңіл күйлерің қандай?
- Мынандай
- Өте тамаша рахмет .

T00065 15.12.2020

«Бала бойындағы музыкалық қабілетін арттыру жолдары»

ҚАЗИЕВА САЛТАНАТ КАНАЛБАЙҚЫЗЫ

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Алғабас ауылы

КМҚК «Баласа» бөбекжай-бақшасының Музыка жетекшісі

Өсіп келе жатқан жас буын әдеби ертегілер мен бейнелеу өнері шығармаларындағы, музыка мен әуендегі, табиғаттағы, тұрмыстағы шын мәніндегі көркемдік қабылдау арқылы эстетикалық құштарлықты сезініп қана қоймай, ондай туындыларда кездесетін нәрсіздік пен көріксіздікті де ажырата біледі. Жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің басты саласының бірі—музыка.

Музыка адамның жан дүниесін тебіренге отырып, оның өмірге деген көзқарасын, әдет, мінез-құлқын қоғам мүддесіне сәйкес қалыптастыруға, әдемілік заңымен өмір сүруге тәрбиелейді.

«Дені саудың – жаны сау» дегендей, тәні де, жаны да сау, рухани бай эстетикалық жағынан сезімтал азаматты тәрбиелеп өсіру – ата-ана парызы, қоғамдық мекемелердің міндеті. Осы міндетті іске асыру балабақшадан басталмақ. Негізі отбасынан басталған тәлім-тәрбие білім беру мекемелерінде жалғасын тауып, белгілі бір жүйеде өрістеледі.

Бүлдіршіндерді әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен жақындатып өнерге баулитын кезең – балабаша кезеңі. Әсіресе музыка өнерімен шұғылданды баланың жеке басының жалпы дамуына жәрдемдеседі. Музыка сабақтары балаларды жан-жақты дамыту барысында көптеген мақсаттар қояды. Дәлірек айтсақ: балаларды музыка тыңдай білуге үйрету, оны тұтастай қабылдау, сезіну, музыкалық мәнерлілікке баулу, дыбыстардың типін түсіну және музыкаға қызығушылығын арттыру. Ән айту, музыка тыңдау, музыкалық сауат және қозғалыс (ырғақ) – музыкаға тәрбиелеудің міндетті бөлімдері.

Балабақшада бағдарлама бойынша ән-күй сабағы әр топта әр түрлі бөлімнен тұрады:

Ән бөлімінде балаларды ырғағына келтіре, әдемі ән салуға тәрбиелейміз. Ән салу арқылы өлеңнің мазмұнын, тәрбиелік мәнін саналы түрде меңгеруіне мүмкіндік береміз. Балаларды хормен ән айтқызып жаттықтыру арқылы, оларды ортақ сезімге бөлендіріп, өздерінің әрекеттерін бір әуенге үйлестіруге төселдіреміз, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа баулимыз. Бірлесіп жұмыс істеу дағдысын қалыптастырамыз. Жеке дауыста ән айта білуге, әндерді есте сақтай білуге, музыкалық шығармалардың құрылысын түсіне білуге тәрбиелейміз.

Музыка тыңдау бөлімінде жекелеген музыкалық үндерді және тұтастай музыкалық шығармаларды тыңдай білуге, ондағы музыкалық дыбыстарды ажырата білуге жаттықтырамыз.

Дыбыстардың биіктігін, ырғағын, музыкалық бояуын және дұрыс тыңдап, қабылдай білу қабілетін дамытамыз. Сонымен бірге тыңдау арқылы балалардың эстетикалық сезімдері, талғамдары дамып, эмоциялық сезімдері оянып ләззат алады. Музыкаға деген қызығушылықтары артып, тыңдау қабілеті дамиды. Музыка тыңдату жайында балалар дамуының бірдей дәрежеде еместігін түсіну маңызын музыканы үйретуші білуі керек.

Би бөлімінде музыканың әуен-ырғағымен орындалатын арнайы жаттығулар жасату арқылы музыкалық ырғақты сезінуін қалыптастырамыз. Әуен сазын түсініп, сәнді қимылдар жасай білуге үйретеміз. Дене жаттығуларын музыкалық әуен ырғағына қосылып, әдемі қозғалыс көріністерін жасауға ынталандырамыз. Би қимылдарын жасатып, мүсін сымбаттылығын қалыптастыруды көздейміз.

Музыкалық – дидактикалық ойындар бөлімінде айтылған әннің сөздеріне, әуеніне зер салып, ұқыпты жүруге, әннің сөздеріне сәйкестіре қимыл-қозғалыстар жасауға баулимыз. Балалардың музыканың екпіні мен ырғағына икемделуіне, дыбыс күшінің бірде қатты, бірде ақырын естілуін аңғара білулеріне мүмкіндік береміз. Музыка ырғағына ілесіп жүруге, әр жанрдағы (марш, вальс, полька) ырғақтың өзіндік ерекшелігін айыра білуге үйретеміз. Дыбыс биіктігін, дыбыс бояуын, музыканың басталуын және аяқталуын аңғаруға жаттықтырамыз. Ойын арқылы музыкалық қабілеттерін дамытамыз. Сап түзеп жүруге, дене бұлшық еттерінің ширауына да әсерін тигіземіз. Қазақ халқының ұлттық ойындарының ойналу тәртібі мен өзіндік ерекшеліктері жөнінде қысқаша түсінік береміз. Музыкаға және биге деген шығармашылықтарын дамыта отырып, музыкалық білімдерін арттырамыз. Осы мақсаттарға жету үшін балабақшаның әр топтарында жас ерекшеліктеріне қарай жоспар дұрыс, жүйелі түрде құрылуы тиіс.

Балабақшадағы балалардың жас ерекшеліктері бірдей емес. Бірі балабақшаға енді келіп жатса, енді бірі ешқандай білім мекемелерінде болмай үйден келгендер. Олардың музыкалық қабілеттері де әртүрлі. Балабақшадағы балалар өздерін еркін сезініп, би қимылдарын жасқанбай жасап, өз ойларын ашық айта біледі. Музыкалы дидактикалық ойындарды ойнау барысында белсенділік танытады. Музыка үйретуші балабақшада бұрын болмаған, енді ғана балабақшаға келіп жатқан балалармен көбірек қарым-қатынас жасау керек. Сонымен бірге балабақшадағы балаларды жалықтырып алмау жағын да қарастыру керек. Мен өз тәжірибемде осы жағдайларды ескере отырып, жас ерекшеліктеріне қарай қандай музыкаларды ұнататынын білуге көңіл бөлемін. Мысалы: Ересек топтағы балалар көбінесе ойнақы әндерді және марш екпінді музыканы ұнатады. Сол әуендерге қимыл жасауды ұнатады. Әрине, адам туа оқып болмайтын сияқты барлық балалардың музыка тыңдау және қабылдау қабілеттері де туа бітпейді. Ол жүйелі түрде істелетін жұмыстардың нәтижесінде, біртіндеп қалыптасатын процесс.

ең алдымен балалардың барлығы қамтылатындай топпен жұмыс жүргізу керек. Ән-күй сабағы айтуға ғана оңай, ал орындауда керісінше, қиыншылығы мол іс. балабақшаға енді ғана келіп жатқан бала әлі көпшілікпен бірге қалыптаспаған, сөздік қоры аз балаға бірден ән үйрету қиын тиеді. Олар сөзін білмеген әнге қызықпайды. Алдымен балаларды қадағалай отырып әнге және оның ырғағына қызықтыруға тырысу керек. Сол әннің мазмұнын ашатындай көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар қолданған жөн. Осыдан кейін балалардың қызығушылығы артқанда сөзін жаттатқан дұрыс. жаттау сабақ барысында жүргізіледі. Өз тәжірибемде өлеңнің әр жолын жеке-жеке тақпақтап, балаларға хормен қайталатамын. Осы кезде қол шапалақтатып отырған дұрыс. Қол шапалақтау кезінде әннің ырғағы анықталып, әуеніне қосылып айтуда қиындық туғызбайды. Мәтінмен жұмыс кезеңінде балалардың музыкалық ырғақты сезіну қабілеті де анықтала бастайды. Бірі орынсыз қол шапалақтаса, енді бірі ырғаққа ілесе алмай жатады. Мұның бәрі жүйелі жұмыстың нәтижесінде бірте-бірте жаттығады. Жалпы әндерді хормен орындатып, ойындарды топпен ойнатқан дұрыс. Сонда балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы да жақсарып, өздерін еркін сезіне бастайды. Ал әнді сабақ сайын өзгерту дұрыс емес. Керісінше балаларға таныс әндерді үнемі қайталап айтқызып отыру керек. Бұл балалардың эмоциялық көңіл күйін көтереді, есте сақтау қабілетін дамытады және әнді хормен бірге бастап, бірге аяқтауға дағдыландырады.

Кіші топтардағы балалардың музыкалық дамуы әртүрлі екендігі толықтай байқалады. Бір бала өте жақсы өлең айтқанымен, әуенін дұрыс қабылдамай, би қимылдарын қате орындайды. Ал екінші бала болса, керісінше, жақсы билейді, бірақ әнді таза интонациямен орындай алмайды. Үшінші бала тілі келмей сөздерін айта алмай жатады. Сабақ барысында музыка мұғалімі балалардың музыкалық қабілетін зерттеп, әр баламен жеке-жеке жұмыс істеуді қолға алуы тиіс. Балаларды дыбыстарды таза айтуға үйрету үшін дауыс жаттығуларын жасатудың пайдасы зор. Дауыс жаттығуларын шағын әуендер айтқызу арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл балалардың қабылдау деңгейіне қарай мұғалімнен үлкен шығармашылық іскерлікті қажет етеді.

Музыкаға қабілеті бар балалар өзі ақ музыкалық дағдыларды меңгере бастайды, есту, есте сақтау, әуен ырғағын түсіну, дыбыс биіктігін ажырату сияқты музыкалық қабілеті дами түседі. Музыкалық жанрларды (ән, би, марш) , қатты немесе ақырын дыбыстарды, екпіндердің жай немесе тез екенін ажырата бастайды. Әр оқушының өздері жақсы көретін әндері, билері, ойындары бар. Балалар берілген шығармашылық тапсырмаларды орындай алады. Мысалы, тыңдаған музыканың екпінін ажырату керек болса, екпін, ырғағына қарай түрлі қимылдар ойластырады.

Мысалы:

Баяу екпінде – орнынан тұрып теңселеді;

Жылдам екпінде – орнынан тұрып жүгіреді;

Марш екпінінде – аяқты нық басып жүреді;

Бейнелік қимылдар – аттың шабысы, түрлі аңдардың қимыл ерекшеліктері т.б.

Жыл аяғы- бұл сауықтыру кезеңі. Көктем айларында сабақ түрін өзгертуге болады. Мысалы, таза ауада сырнай аспабының сүйемелдеуімен балабақша ауласында ойын түрінде өткізген өте қызықты. Ойын түрінде өткен материалдарды бекіту жұмыстары да, үйренген музыкалық шығармалары да қайталанады.

Ойынның тәрбиелік мәні зор. Бала ойын арқылы дамиды. Ойын білместі – білгірге, орашалақты – іскерге айналдырады. Музыкалық – дидактикалық ойындар арқылы балалардың музыкаға, биге, ән әлеміне деген ынта-ықыласын жас кезінен арттырып қана қоймай, олардың сезімталдығын, кішіпейілділігін, ұйымшылдығын, эстетикалық құштарлығын тәрбиелеуге қызмет етеді. Нәтижесінде олар музыканы терең түсіне бастайды, ең бастысы – музыканы қабылдау, есте сақтау қабілеті артады, дене қозғалысы арқылы сымбаттылығы қалыптасады. Өсе келе олардың бойындағы табиғи дарын, қабілет, талант мүмкіндіктерінің сөзсіз әсері болатыны белгілі, өйткені бәрі де бала кездегі тәрбиеден басталады.

«Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей еліміздің болашақ дарынды ұл-қыздарын тәрбиелеу біздің басты міндетіміз.

МАЗМҰНЫ

- ШУКЕБАЕВА АҚМАРАЛ КЫДЫРЖАКЫПОВНА
- АЛДАМЖАРОВА ЛАЗАТ ТОГИСОВНА
- ТӨКЕШ ЕРКЕБАЙ КҮМІСБАЙҰЛЫ
- ҚАЛДЫБАЕВА РАУШАН МАЖЕНҚЫЗЫ
- ЖУСИПНАЗАРОВА АЙНУР ТУНГЫШОВНА
- ӘДІЛОВА ЛӘЗЗАТ МЫРЗАБАЙҚЫЗЫ
- ЖАМАНҚҰЛОВА АҚЖАРҚЫН КЕҢЕСҚЫЗЫ
- ОРАЗ АЛТЫНАЙ ШЕРАЛЫҚЫЗЫ
- АБДИБЕКОВА АҚТОТЫ КАМАЛБЕКОВНА
- БАИМБЕТОВА ГУЛЬЖАН АХЫЛБЕКОВНА
- ЖАҚЫПОВА АЙГЕРІМ ШАМЕЛҚЫЗЫ
- КАЙБУЛДАЕВА НУРСУЛУ ЖОРАБЕКОВНА
- ҚАЗИЕВА САЛТАНАТ КАНАЛБАЙҚЫЗЫ